

"Бюджеттік өтінімді жасау және ұсыну ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасының Қаржы министрінің 2010 жылғы 19 мамырдағы № 233 бұйрығына толықтыру енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2011 жылғы 20 қыркүйектегі № 481 Бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2011 жылы 22 қыркүйекте № 7192 тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің м.а. 2012 жылғы 29 желтоқсандағы № 584 Бұйрығымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Қаржы министрінің м.а. 29.12.2012 № 584 бұйрығымен.

Б Ұ Й Ы Р А М Ы Н :

1. «Бюджеттік өтінімді жасау және ұсыну ережесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2010 жылғы 19 мамырдағы № 233 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 6289 тіркелген) мынадай толықтыру енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Бюджеттік өтінімді жасау және ұсыну е р е ж е с і н д е :

15-тармағының 4-абзацынан кейін мынадай мазмұндағы абзацпен т о л ы қ т ы р ы л с ы н :

«Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің заң жобаларын әзірлеу орындылығы және олар Қазақстан Республикасы Үкіметінің Заң жобалау жұмысының перспективтік жоспарына сәйкес болуы туралы қорытындысы;».

2. Бюджеттік процесс әдіснамасы департаменті (А.Н.Қалиева) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін қ а м т а м а с ы з е т с і н .

3. Осы бұйрық мемлекеттік тіркелген күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Министр

Б. Жәмішев